

*Пайдаланылган әдебиеттер:*

1. Данилова, Л.А., Стока, К., Казицына, Г.Н. Особенности логопедической работы при детском церебральном параличе. - СПб., 1997.
2. Смирнова, И.А. Логопедическая диагностика, коррекция и профилактика нарушений речи у дошкольников с церебральными параличами. Алалия, дизартрия, ОНР. СПб., 2004.
3. Детский церебральный паралич : Хрестоматия : Учеб. пособие для студентов высш. и сред. пед., психол. и мед. учеб. заведений / Л. М. Шипицына, И. И. Мамайчук ; Ин-т спец. педагогики и психологии, Междунар. ун-т семьи и ребенка им. Рауля Валленберга. – СПб. : Дидактика Плюс ; М. : Ин-т общегуманит. исслед, 2003 (ГП Техн. кн.). – 519 с М., 1985 ж.
4. Тебенова Қ.С., Рымханова А.Р. Арнайы психология. – Алматы, 2011.
5. Айтбаева А.Б. Коррекциялық педагогика негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011ж.
6. Мастюкова Е.М., Ипполитова М.В. Нарушение речи у детей с церебральным параличом. М.: Просвещение, 1985.
7. Левченко И.Ю. Этапы коррекции нарушений психики у детей с церебральными параличами: Психологические исследования в практике врачебно-трудовой экспертизы и социально-трудовой реабилитации. – М., 1989.
8. Особенности умственного и речевого развития учащихся с церебральным параличом/ Под ред. М.Н.Ипполитовой. – М., 1989.
9. Леонтьев А. А. Язык, речь, речевая деятельность. М., Просвещение», 1969.
10. М32 Физическое воспитание детей с церебральным параличом: Младенч., ранний и дошк. возраст.— М.: Просвещение, 1991.

УДК:376.58  
МРНТИ:14.25.06

*Н. А. Туебакова<sup>1</sup> п.ғ.к., доцент  
Б.Ж.Жаканбева<sup>2</sup>, п.ғ.м.,аға оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ*

## **АГРЕССИВТІ ЖАСӨСПІРІМДЕРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЫҚПАЛЫ**

*Аңдатпа*

Жасөспірімдердің мінез құلقىның пайда болу себептері және оны болдырмаудың жолдары мен оларға әлеуметтік педагогикалық тұрғыда ықпал ету

*Н.А. Туебакова<sup>1</sup> п.ғ.к., доцент  
Б.Ж.Жаканбева<sup>2</sup>, м.п.н.,ст.преподаватель  
КазНПУ имени Абая*

## **СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ВЛИЯНИЕ КОРРЕКЦИОННОЙ РАБОТЫ С АГРЕССИВНЫМИ ПОДРОСТКАМИ**

*Аннотация*

Причины возникновения подросткового поведения и способы его предупреждения и воздействия на него с социально педагогической точки зрения

*N.A. Tuebakova, P.G.K., associate professor  
B.Zh.Zhakanbayeva 2, M.P.N., senior lecturer  
KazNPU named after Abai*

## **SOCIO-PEDAGOGICAL IMPACT OF CORRECTIONAL WORK WITH AGGRESSIVE ADOLESCENTS**

### *Abstract*

Reasons for the appearance of adolescent behavior and ways to prevent and influence it from a social and pedagogical point of view

Түзету жұмысы – бала бойындағы ашу-ызаны, сонымен қатар, жағымсыз жағдайларды тұтастай жарамды тәсілдермен игере алуға бағытталған. В.Оклендер ашу-ызаны жеңе білудің 4 деңгейін бөліп көрсетеді.

*Бірінші деңгей* - «балаларға ашу-ызасын қауіпсіз тәсілмен сыртқа шығаруға қолайлы, жарамды практикалық тәсілдерді ұсыну».

*Екінші деңгей* – «балаларға ашу-ыза сенімдерін шынайы қабылдай білулеріне көмек көрсету, оларды эмоциональді ашу-ызасын «қазір және осы жерде» шығара білуге дағдыландыру. Мұндай жағдайда ашуды бояумен суреттеп немесе пластилиннен мүсінін жасап сыртқа шығарғаны тиімді болар еді.

*Үшінші деңгей* – «ашу-ыза сезіміне тікелей вербальді қатынас жасауға мүмкіндік беру: «қазір осы жерде айтамын». Әдетте, балалар өз ашу-ызасын толық сыртқа шығарған жағдайда (кейде олар айқайлайды, сонымен қатар жылайды) балалар тынышталып, өз жұмыстарын әрі қарай жалғастырады».

*Төртінші деңгей* - «балалармен оларды қандай жағдай ашу-ландыратынды және осы сәтте олар өздерін қалай сезінетіндігі жайында әңгіме жүргізу [54]. Баланың өз ашу-ызасын сезініп және түсіне білгені өте маңызды және келешекте жағдайды бағалай білгені дұрыс болар еді.

Психологтың негізгі міндеті баланың уайымдарын (өкпе, реніш) іште сақтамай, тиісті жерде сыртқа шығаруға көмек, яғни бағыт бағдар көрсету.

Әлеуметтік-педагогикалық түзету жұмыстары – мұғалімдер мен психологтардың бірлескен жұмысының аса маңызды және жауапкершілігі мол әрекеті. Ашудың бірінші деңгейін тиімді шешу үшін психологтардың балалармен жұмыс жүргізу кезінде қолданылып жүрген мына әдіс-тәсілдерді ұсынамыз:

1. Қағазды мыжғылау және жырту;
2. Жастықты ұру;
3. Аяқты топылдату;
4. Айқайлауға арналған стакан немесе картоннан жасалған трубаға қатты айқайлау;
5. Аяқпен бір затты тебу («Пепси», «Спрайт» бөтелкелері);
6. Айтқыңыз келген сөздің барлығын қағазға жазып, қағазды мыжғылап тастау;
7. Пластилинді картонға немесе қағазға жағу;
8. Су шашатын пистолет, үрмелі дубинка қолдану (үйде);

Бала бойындағы ашу-ызаны тиімді жеңу үшін түзету жұмыстарындағы бұл әдіс-тәсілдер жеткіліксіз.

Келесі жаттығулар қиын балалармен жұмыс жүргізу кезінде тиімді әдіс-тәсілдер: кейбір психотерапевтік тәсілдер (арт-терапия, денеге арналған терапия, гештальттерапия, бейнелермен жұмыс) және сонымен қатар, «Не істеу керек?» деген сұраққа жауап беріп қана қоймай «оның қалай істеу керек?» екендігіне де жауап береді.

- 1-жаттығу. Ашу-ызаның пластикалық бейнесін қимыл арқылы көрсету;
- 2-жаттығу. Өз ашу-ызасын салу ;
- 3-жаттығу. Жағымсыз портреттер көрмесі;

4-жаттығу. Ашу-ыза хаттары;

5-жаттығу. Сенсорлық каналдар арқылы ашу-ызаны сезіну;

Қиын балалардың бойында өз эмоцияларын, ашу-ызасын қадағалау нашар дамыған, сонымен қатар, ол көп балаларда мүлдем болмайды да. Сондықтан түзету жұмыстары кезінде психолог мамандар балаларға өз ашу-ызаларын, эмоцияларын қиын жағдайларда өзін-өзі басқара алу қабілетін қалыптастыруы қажет.

*Осы бағытқа арналған түзету жұмыстары:*

1. Балаларға өз ашу-ызаларымен күресе алатындай белгілі бір ережелер ұсыну;
2. Осы ережелерді рөлдік ойындарда қолдану;
3. Терең дем алу техникасын үйрету;

Қиын балаларда бұлшықетке күш салу жоғары деңгейде. Әсіресе, қол, бет, мойын, иық, кеуде, іш, бұлшық еттерінде. Мұндай балалар бұлшық ет релаксациясын (босаңсыту) қажет етеді.

Релаксациялық жаттығуларды жиі орындау баланы тыныштандырады, байсалды болады, сонымен қатар, өзінің ашу-ызасын жақсы сезінетін болады. Нәтижесінде бала өзін дұрыс басқарып, эмоциясына және іс-әрекетіне ие бола бастайды.

Релаксациялық жаттығулар балаға өзін-өзі басқаруға және эмоционалды күйін сақтай алуына көмек береді.

1-жаттығу. «Қардан соғылған мүсін».

2-жаттығу. «Апельсин немесе лимон».

3-жаттығу. «Тасты жылжыту» .

4-жаттығу. «Тасбақа».

5-жаттығу. «Теңіз жұлдыздары».

Қиын балалар өз мінез ерекшеліктеріне байланысты қиын жағдайлардан шығудың жеткілікті түрін біледі. Дәстүр бойынша мұндай жағдайлардан олар күш көрсету арқылы шыққысы келеді.

Бұл бағытқа арналған түзету жұмыстарының мақсат міндеттері - бұл балаға қиын жағдайлардан шығудың күш жұмсаудан да басқа түрлері бар екендігін көрсетіп, бала бойында жағымды қасиеттердің қалыптасуына мүмкіндік беру.

1-жаттығу. Қиын жағдайлар суреттелген суреттермен (картина) жұмыс.

2-жаттығу. Рөлдік ойындар

3-жаттығу. «Мінез-құлық картасы».

4-жаттығу. «Жағымды қарым-қатынас түрлерін қалыптастыру» («Жартастар ортасындағы кеме», «Үштік», «Топтық портрет»).

Өзінің эмоциональді әлемін сезіну, сонымен қатар, басқа адамдардың сезімін, эмпатиялық дамуының қалыптасуы.

Қиын балалар отбасында балалардың ішкі жан дүниесіне мән бермейді. Осының нәтижесінде балаларда басқа адамдардың эмоциональді күйін сезіну қалыптаспайды. Сонымен қатар, қиын балаларда өз эмоцияларын сезіну деңгейі нашар дамыған, олар басқа адамға (немесе жануарға) еріксіз немесе әдейі моралдық немесе дене күшін жұмсайды.

Қиын балалардың бойына эмпатияның басқа адамдардың сезімін, өз эмоционалды әлемін сезіну, түзету жұмыстарының маңызды үрдісі болып табылады:

1-жаттығу. «Суретпен жұмыс».

2-жаттығу. «Символикалық (эмоциялардың сурет арқылы көрсету)».

3-жаттығу. «Би - қарама-қарсы».

4-жаттығу. «Менің көңіл-күйім болмайды (қуаныштымын және т.б.)».

5-жаттығу. «Рөлдік ойындар» .

Өзіндік бағалауының дамуы.

Түзету жұмыстарымызға қиын балалардың өзіндік бағалауларына арналған жаттығуларды енгіздік, себебі, қиын балаларда өзіндік бағалаулары теңбе-тең емес. Бұл «Мен-бейнесінің» бұзылуымен тікелей байланысты. Көбінесе қиын балаларда өзіндік бағалаулары төмен

болады. «Мен жаманмын», олар үшін үлкендердің (ата-ана, мұғалім) бағасының ықпалы маңызды болады.

1-жаттығу. «Балалар тәрбиесі арқылы жағымды бейне қалыптастыру».

2-жаттығу. «Маған ұнайды ...» .

3-жаттығу. «Мақтаншақтар».

4-жаттығу. «Жағымды әрекеттердің жинағышы».

5-жаттығу. «Менің жетістіктерімнің дәптері».

**Түзету жұмыстарынан кейінгі нәтижелері**

Түзету жұмыстарынан кейінгі Басса-Дарки әдістемесі бойынша нәтижелердің көрсеткіші:

Кесте 1

№	Аты-жөні	Денелік агрессия	Жанама агрессия	Тітіркену	Негативизм	Реніш	Күмәндану, күдіктену	Вербалды агрессия	Кінәні сезіну	Агрессия реакциясын ың индексі
1	Н.К.	8	7	10	4	6	9	9	8	34
2	Б.А.	9	7	6	5	6	6	9	8	31
3	А.О.	7	5	3	1	5	6	2	2	17
4	С.А.	6	4	6	3	4	5	9	4	25
5	А.К.	9	8	9	4	7	9	11	7	37
6	Б.А.	5	5	7	2	4	5	11	4	28
7	Ш.А	5	4	3	1	4	6	2	1	14
8	Н.Ж.	8	7	8	5	9	9	10	7	33
9	С.У.	8	4	5	3	6	7	11	5	38
10	к.с.	5	4	2	2	4	5	2	6	13
11	А.В.	8	7	8	4	6	8	10	8	33
12	Т.Е.	9	4	5	3	6	6	9	8	27
13	А.Б.	8	7	9	5	6	9	9	7	33
14	И.В.	5	5	5	2	5	7	10	5	25
15	А.И.	5	4	2	1	4	5	2	1	13
16	М.Е.	9	8	7	4	6	7	9	8	33
17	К.О.	9	5	6	3	6	7	10	8	30
18	Ч.Т.	6	5	6	2	5	7	9	4	26
19	К.Т.	6	9	6	3	4	5	10	5	31
20	Т.Б.	6	5	2	1	4	5	3	2	16

**Ұсынылған агрессия түрлерінің жалпы нәтижелері:**

**Дене агрессиясы:**

жоғарғы деңгей - 28 адам;

орташа деңгей - 22 адам;

төменгі деңгей - 2 адам;

**Жанама агрессия:**

жоғарғы деңгей - 20 адам;

орташа деңгей - 31 адам;

төметөменгі деңгей – 1 адам;

**Тітіркену:**

жоғарғы деңгей - 15 адам;

орташа деңгей – 25 адам;

төменгі деңгей – 12 адам;

**Негативизм:**

жоғарғы деңгей - 20 адам;

орташа деңгей - 23 адам;

төменгі деңгей – 9 адам;

**Реніш:**

жоғарғы деңгей - 27 адам;

орташа деңгей - 25 адам;

төменгі деңгей – 0 адам;

**Күмәндану,** жоғарғы деңгей - 15 адам;

**күдіктену:** орташа деңгей - 35 адам;

төменгі деңгей – 2 адам;

**Вербалды** жоғарғы деңгей - 20 адам;

**агрессия:** орташа деңгей - 20 адам;

төменгі деңгей – 12 адам;


**Ұжданы алдында азап шегу, кінәні сезіну:**

жоғарғы деңгей - 24 адам;


орташа деңгей - 20 адам;

төменгі деңгей – 8 адам;

**Дене агрессивтілігі:**



**Жанама агрессия**



*Түзету жұмысынан кейінгі Спилбергер – Ханин әдістемесі бойынша мазасыздану деңгейінің нәтижесі*

1. Себеп-салдарлық мазасыздану

2. Жеке тұлғалық мазасыздану

**Спилбергер – Ханин әдістемесі бойынша мазасыздану деңгейінің түзету жұмысынан кейінгі нәтижелері:**

2 – кесте бойынша:

	Жоғары	Орташа	Төмен
Себеп-салдарлық мазасыздану	-	4	18
Жеке тұлғалық мазасыздану	-	3	19

Егер түзету жұмыстарына дейінгі зерттеу нәтижелерін, түзету жұмыстарын жүргізгеннен кейінгі нәтижелермен салыстырсақ, онда біз жасөспірімдерде агрессивтіліктің төмендегенін көреміз. Ғылыми болжам дәлелденді. Бірақ, жасөспірім балаларда агрессияның төмендеуінің жеткілікті деңгейге жетуінің дәлелі түзету жұмыстарының жаңа бағдарламасын құруымызға негіз болды. Қиын балалармен жүргізілетін психологиялық түзету жұмыстары жүйелі, әрі қиын балалардың мінез ерекшеліктері ескеріліп құрылуы ықтимал. Әсіресе, өз эмоцияларын қадағалай алу, қиын жағдайларда өздерін ұстай алу, эмпатия және жеке аландаушылық деңгейлерінің болмауы. Міне, осылардың барлығын ескеріп, бағдарламаны құруымызға тура келді. Қиын балалармен жүргізген жұмысымыз нәтижелі болу үшін, балалардың бойындағы әрбір ерекшеліктермен жеке-жеке жұмыс жүргізілуі керек. Осыған байланысты қиын балалармен түзету жұмыстарын келесі бағыттарда құру қажет:

- Жеке аландаушылық деңгейін төмендету;
- Балаларға өз ашу-ызаларын шығарудың тиімді тәсілдерін көрсету;
- Балаларға өздерінің психикалық күйлерін қадағалай алуға үйрету;
- Қиын жағдайларда өздерін ұстай білуге үйрету;
- Эмпатияның және өзіндік бағалаудың тепе-теңдік деңгейін қалыптастыру;
- Түзету жұмыстарынан тиімді нәтиже алу үшін қиын балалардың ата-аналарымен де жұмыс жүргізсе, жұмыстың тиімділігі байқалады. Себебі, агрессияның бала бойында қалыптасуында отбасының психологиялық ықпалы зор. Қиын балалардың ата-аналары өз балаларымен және бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасауды қажет етеді.

Мұндай кезде психологтың жұмысы негізгі көмек болуы мүмкін.

**Ұсыныстар:**

1. Қиын балаларды қайта тәрбиелеудегі әлеуметтік педагог жұмысының үлгі кестесін қарап, кесте бойынша сынып жетекшілердің жұмысын ұйымдастыру;
2. Құқықтық тәрбие бағытындағы үйірмелер мен саяси сабақтар ұйымдастыру;
3. Мектепте оқушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыруды мақсат еткен «Жасөспірімдер» клубын құру;

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

1. Овчарова Р.В. Профилактика педагогической запущенности подростков // Педагогика. – 1992; №5-6. – С. 22-26
2. Беличева С.А. Сложный мир подростка. – Свердловск: Средне-Урал. кн. изд-во, 1984, - 129 с.
3. Ғазизова Н. «Құқық дегеніміз не?». Қазақстан мектебі. 2004. №4-146
4. Оклендер В. Окна в мир ребенка. М.: Независимая фирма «Класс», 1997.
5. Невский И.А. Учителю о детях с отклонениями в поведении. – М.: АПН. СССР, 1990. – 137с.